

Жоба күмән туғызбайды

Павлодар облысының әкімі Болат Бақауов Екібастұз қаласына сапары барысында Байет ауылына жақын тұстағы «ЭМПК» ЖШС-не барды. Мұнда ет бағытындағы мал шаруашылығы кешенін құру үшін 540 гектар жерге екі мың бас малға арналған суармалы учаскенің құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Жоба республиканың индустриаландыру картасына енгізілді.

Мемлекеттен инфрақұрылымға қомақты қаржы бөлінгенімен, шаруалардың өздері де қол қусырып отырған жоқ, олардың да осы жұмысқа қатысты айтары мен көрсетері бар. «ЭМПК» ЖШС-нің директоры Татьяна Владимировна Шрайнердің айтуынша, өсімдік шаруашылығынан, мал азығы және мал шаруашылығына дейінгі технологиялық байланысты үзбей азық-түліктің түр-түрін – шұжықтар мен ет өнімдерін алып отыр. «ЭМПК» ЖШС-нің Екібастұздағы нарықта жақсы танылған ет комби-

наты жұмыс істейді. Ақиқатын айтсақ, кәсіпорын 20 пайызға ғана шикізатпен қамтамасыз етілген. Сондықтан азық-түлік базасын құру және мал басын көбейту үшін суармалы учаске құрылысының жобасын жүзеге асыру бүгінгі таңдағы өзекті мәселе болып отыр.

Кәсіпорын өз қаржысы есебінен 2010-2011 жылдары шаруа қожалығының аумағында 1 мың бас ірі қараға лайықталған мал шаруашылығы кешенін салған болатын. Бұл – 3 мал тұратын қора, жылқы базасы, жұмыскерлерге арналған 2 екі бөлмелі үй.

Бүгінде шаруашылықта 700 бас ақбас тұқымды ірі қара, соның ішінде 500 аналық, жылқылар және түйелер бар. Жақында «ЭМПК» ЖШС-і шұбат өнімін шығаруды қолға алды. Екібастұздықтар пайдалы өнімнің дәмін татып, бағасын да берді.

Облыс әкімі көздесу барысында бүгінде ауылшаруашылық саласы басым бағыттардың бірі екенін атап өтті. «Әйтсе де

қайсыбірі сапасына қатысты заман талабынан көрінбей отыр, ал «ЭМПК» ЖШС-нің келешегі күмән тудырмайды, болашағы зор», - деді облыс әкімі. Сонымен бірге, Болат Бақауов жақын арада суармалы шаруашылықты дамыту бойынша жаңа бағдарлама іске қосылатынын, мұндай жобалар қажет екенін мәлімдеді. Алдағы суармалы учаскеге келсек, облыс әкімі кәсіпкерлерге құрал-жабдықтарды жеткізуді кешеуілдетпеуге кеңес берді.

- Біз жабдықтарды тасымалдауды көктемге дейін қалдырсақ, кешігіп қалатынымыз анық, - деді Б.Бақауов, - сондықтан келісіп алайық, сіздер желтоқсанға дейін жабдықтардың белгіленген мерзімде жеткізілетіні жөнінде хабарлайсыздар, ал көктемде біз келіп, қараймыз.

Облыс әкімі осы мәселеге байланысты түйткілді мәселелер туындаса, көмек көрсетуге әзір екенін айтты.

Н.Гостицев